

Түркістан өңірінің мұрағат қорларында елеусіз қалып қойған кептеген көне құжаттар әлі күнге дейін ғылыми айналымға түседі қойған жоқ. Әсіресе, кеңестік Қазақстан тарихына қатысты құжаттарға жаңа көзқараспен қарап, тиисті бағалары берілуі қажет-ақ. Әсіресе, Түркістан елкесін түлеткен тарихи тұлғаларға қатысты құжаттарды айналымға шығару кезек күтірмес іс. Бүгінгі урпақ аға бұынның еңбегін танып, бағалауды тиіс. Сондай кернекті тұлғалардың бірі – қоғам қайраткері, үлт жанашыры, қазіргі «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бастаудың тұрған «Ақ жол» газетінің редакторы болған тағдыры тауқыметке толы тұлға Иса ТОҚТЫБАЕВ.



Токтыбаев тартқан тауқымет

Алаш ың айтулы азаматы 1894 жылы 15 ақпанда қазіргі Қызылорда облысы, Тереңезек ауданындағы Караезек ауылында дүниеге келген. Ол 10 жасында Қызылорда қаласында Рафаельдеген саудагерге батырақ болып жалданып, жан баққан екен. Сонда жүріп патша екіметі жер аударған революционер-демократ Николай Шипков ашқан түзөмдік мектепте оқыды. Одан кейін Ташкенттегі тертіпшілдік мұғалімдер семинариясында білім алған.

И. Токтыбаев батырақтың тасып, басы бүтін арылып, білімі толысып, өзіндік көзқарасы қалыптасқан соң Тоқмақ көтерілісіне қатысып, тас түрменің де дәмін татады. Төңкерістен соң кеңестік жаңа екіметке қызмет етуді құп көрген Токтыбаев ескі Ташкент совдепинің хатшысы болып тағайындалған туста да үлтжандылығымен кепке ұнап, қазақ жастарына қара таныту маселесін үздік етті. Оның орындарын ашу ісіне белсене арапласады.

дан ғері хат танымайтын қалын бұкараның қарасы мол еді. Мектеп ашу мәселесі майшаммен қаралып, мемлекеттік мәселе деңгейінде дейін көтерілсе де, не онды оку қуралы жоқ, не баспа насы балаға лайықты емес, мандытып сабак беретін маманға да зәру бұл салының шаруасының да кетеуі кетіп, шатқаяқтағы тұрғаны қазақ оқығандарының арқасына аяздай батқаны белгілі. Сол себептен де Алаштың Ахметі бастап, Қошке Кеменгерұлы костап, Міржақыптар мақулдаған, Сәкендер субелі улес қосқан, Ілиястар ішінде екеткен ортақ істен, үлттық мұрраттан Иса Токтыбаев та шет қалмай, «Жағырағия сөзі» оқулығын құрастырып, «Түркістан» жинағын баспаға дайындал береді.

Шындығында да қашанда тәтесінен жүріп, тұра сейлейтін Токтыбаевтың бұл толғанысы қарап жүргенші деңгейде қағазға түрте салған қалыпты кеп мақаланың бірі емес, онда қоғамның ашық ақыраты, есесі кеткен елдін ертеннен

белу ісімен бел шеше айналысты. 1927 жылдың ақпан-мамыр айларында Семейдегі «Қазақ тілі» газетін басқарып, «Балықшы» бүркеншік атымен, «Т-И», «Иса» деген қолтаңбамен кептеген езекті мәселелерді көтерді; мәні белек мақалаларымен қоғамдық санаға қозғау салды.

И. Токтыбаев 1927-1930 жылдары Орынбордағы пединститут директоры, соның жаңындағы жұмысшы факультеттің менгерушісі және Қазақ АССР Халық ағарту комиссарының орынбасары болып жүргендеге де ел үшін елеулі істерге бастамашы болып, бұқаралық қалтқысыз қызмет етті.

Бір айта көтерлігі, жиһұрмасыншы жылдары И. Токтыбаев «Сөзде», «Сана» сияқты қоғамдық-саяси, әдеби журналдармен қатар, сатиравы «Шашар» журналына да ара-тұра редакторлық етіп, баспасөздің ерісін көнейтуге үлес қости.

1930 жылы күзге қарай Қазрайком Исаны Ленинградка оқуға

Осылайша 1917 жылды қарашада Тоқтыбаев көтерген түткілді мәселе он шешімнің тауып, Ағарту институты ашылады. Орта Азия мен Қазақстан үшін мамандар даярлауда маңызы зор, жергілікті қазақ жастарының білім көкжүегінен көрініне сеп болған бул білім ордасын алғаш басқарған И.Тоқтыбаев қазақ ғылымын көтеруге де мейлінше үлес қосып, кейіннен көшпелілер арасында білім тарату жөніндегі комиссияның төрағасы, Мемлекеттік баспа бастығының орынбасары, республика Оқу-Ағарту комиссариатының коллегия мүшесі қызметтерінде абыраймен атқарды. Әсіресе оның халық ағарту ісіне сүбелі үлес қосқаны көпкө аян. Ал, 1919 жылы ақпанды ол алдымен партия қатарына қабылданса, көп ұзамай ВЦИК-тің аштарға көмек көрсету комиссиясының құрамына да еніп, қолындағы екіләттілігін пайдалана отырып елге пана, үлтқа тұтқа болуды жалғастыра береді.

Түркістан Орталық атқару комитеті 1922 жылды И.Тоқтыбаевты «Шолпан» журналына редактор етіп бекітеді. Міне, осы тұстан бастап ол «Балықшы» деген бүркеншік атпен саяси-әлеуметтік мәселелерді кен қозғап, қарымды қаламгер, көнігі көсемсөзші ретінде таныла бастайды.

1923 жылдың көктемі мен 1925 жылдың мамыры аралығында И.Тоқтыбаев сол уақыттағы шын менинде үлт басылымы атаптап «Ақ жол» газетінің редакторы болып жұмыс істеді, ері РК(б)П Түркістан өлкөлік комитеттің баспасөз секторын басқарды. Бұл аралықта ол «Ақ жол» беттерінде саясат, шаруашылық мәселелері жөнінде жиі-жиі қалам тербел, Алаш мұддесін, қазақ қамын бәрінен де жоғары қоятының байқытап бақты. Нақтылай айтатын болсақ, И.Тоқтыбаев «Балықшыдан» езге «Қайдамшыл» деген псевдониммен де таныстал. И.Тоқтыбаевтың үлттың біркөтірілген мәселелеріне партия назарын аударуға тырысқан «Тұнғыш қаулы» деген мақаласында ірге көтөргөніне үш жылға таяп қалса да, сансыз қаулыны сапырылыстыра шығарып, бүйрек-жарлықтарды бейберекет боратқан, «бәрекелді» дегізеллік біткен ісінен гөрі «әттеген-айлататын» жерлері көп Қазақстан атқару комитеттің жүйесіз жұмысын қатаң сыныға алды.

Иса Тоқтыбаев көсемсөздерінің біркөтірілген мәселесінен қатысты дүниелер. Әйткені, сол кезеңде көзі ашық қығандар-

гі һәм бүгінгі проблемалары мен мұндалағы түр. Автордың өзі ақтарайла айтқанда сол кезде «социализмнің сыйы» деп асыра мақталған, бірнен соң бірі дамылсыз ашылған үлт мектептерінде үш-төрт айлық қана мұғалімдер курсарынан оқып келгөн жартыкеш мамандардың тәжірибесін тәлімінен оку жайының оналып кетуі де, ағарту саласының айы онынан тууы да негайбыл болатын.

Тұрасын айтқанда, Алаш зиялыштарының, Кенес әкіметі қайраткерлерінің дені ашаршылық жайындағы ацы шындықты ішібауыры өзіліп жеткізе алмаған. Ал, Иса Тоқтыбаев болса газет-журналға салынған бұғау мен қысымға қарамай, бұл наубеттің қазакты қалай қырғынға ұшыратқанын боямасыз жеткізіп, былай деп жаған:

«Бір заманда қымызын салырып, қазы-қартасын жеп, төрт түлік малын Сарыарқаның сары жонына сыйдыра алмай, сөүлтепенен көшіп-қонып жүрген дәүір бітіп, Қазақстан қазақтары енді қырғынға ұшырап, рақымсыз аштықтың ұсынан шыға алмай отыр.

Ашыққандардың хал-жайы туралы жас орнына екі көзінен қан ағатындаі, кісі күйініп, жана шырлық тілеген үтітіеу сөздер әткен жылғы құзден бері қарай жазылып та, айтылып та келеді.

Ашыққан Арқа қазақтарының халі бек нашар екенін, газеталар арқылы келіп жатқан қайғылы хабарлардың шын екенін араласып жүріп көзбенен көремін деген кісілер Бекей, Орал, Ақтөбе, Қостанай губернияларына барса, басына қара күн тұып, апатқа ұшырап, сары қымыз орнына қан жұтып, жал менен жая орнына сасық қузын, құрт-күмірсқа, өлексе, тіпті кейбір жерлерде ашыққаннан ашынып ез баласын, көзінің ағы менен қарасын ез қолыменен бауыздан, ішуге үнем, киоғе киім таба алмай койдай қырылып жатқан қазақтарды көрер еди...».

Алаш жүртінің басына төнген азалы, күнді, алапат аштық жайлы ацы шындықты мұнан артық қалай қалысыз жеткізуға болады?

Осы тұстан қайраткердің өмір жолына қайта оралар болсақ, «Ақ жол» газеті жабылып, Алаш үні бәсек тарта бастаған кезде И.Тоқтыбаев Ақтебеде жер басқармасының бастығы бола жүріп, агрономдардың съезін үйімдастыруды, егіндік, шабындық жерлерді

жіберіп, Герцен атындағы пединституттың аспирантурасына түседі ері марксизм-ленинизм институты Ленинград бөлімшесінің қасынан ашылған Қызыл профессура курсына тындаушы болып қабылданады. 1932 жылы оқуын ойдағыдан бірге И.Тоқтыбаевты қала-лық партия комитетің көңестік Шығыс халықтары курсына ректор етіп қалдырады. Ленин атындағы әскери-саяси академияда да КОКП тарихынан лекциялар оқиды.

Ел сөзін сөйлеп, халықтың камын қуїттеген Иса Тоқтыбаев 1933 жылы-ақ сол Ленинградта күндау құрығына ілініп, тұтынға алынып, 58-баппен он жылға сотталып, Карлагқа айдалып кеткені белгілі, Тағдырдың төлкегін ебден көрген оның ісі В.В. Куйбышевтің кемегімен кайта қаралған сонғаға 1936 жылы тас бұғаудан босап, Ленинградқа қайта оралды.

Дегенмен, Иса Тоқтыбаевтың қалай жазаланғаны үақытында ашық айттылмады. Сол себепті оның өмірінің кей тұстары жүртқа беймәлім күйінде қалды. Бір жағынан Тоқтыбаевтың бірбеткейлігі де өзіне соққы болып тиген сиякты.

1937 жылдан 1938 жылдың қантарына дейін КСРО халықтарының этнографиялық музейінің ғылыми бөліміне басшылық еткен И.Тоқтыбаев 1938 жылдың басында екінші рет тұтындалды. Тағы да тінту, тағы да қорқыту, қорлау, арға тиу, тұрмалер табалдырынын тоздырып, тұрме тесігіне тәліміру басталып, Иса Тоқтыбаев Печераға айдалды. 1947 жылы арда туған үл арып-ашып, елге оралды. 1949 жылы оны «саяси сенімсіз адамға мұнда тұруға болмайды» деп Красноярск өлкесіне жер аударды. 17 жыл айдауда жүріп ауыр бейнеттен қажыған Иса Тоқтыбаев 1966 жылы дүние салды.

Сонымен қорыта айтқанда, белгілі қоғам қайраткері, қазақ журналистасында ез сүрлеін қалдырган, әдебиетке де мол үлес қосқан Иса Тоқтыбаев тұралы толғам мұнымен шектелмейтіс деген ойдамыз. Әйткені, оның өмір жолы, шығармашылық мұрасы бүтінгі және келер үрпаққа үлті тұтар өнеге, үйренер үлкен мектеп екені анық.

Галым ҚАСЫМХАН,
Асан ҰСІПОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
жоғары оқу орнына дейінгі
дайындық орталығының
ага оқытушылары.